

Батыс Қазақстан инновациялық технологиялық университеті

2016 жылдың 4-8 сәуірі аралығында Батыс Қазақстан инновациялық технологиялық университеті Ғылым апталығы аясында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған «XXI ғасыр жастары және ғылымы» XVI ғылыми студенттік конференциясы.

Баяндама

Тақырыбы: «БҚО ауыл шаруашылық жағдайының дамуы»

Орындаған: **Әнуаров Заманбек** – 2 курс студенті педагогикалық факультеті БҚИТУ

Ғылыми жетекші - **Нурманова А.К.** экономика ғылымының магистры, «Қаржы» кафедрасының аға оқытушысы

«Агробизнес -2020» бағдарламасында мемлекет басшысы Н. Назарбаев - «Ауыл шаруашылығына аз қаражат жұмсалып жатқан жоқ, жұмыстар жүргізілді, бірақ атқарар істер әлі көп. Ел экономикасының ірі бөлігі бола тұра, ауыл шаруашылығы ел табысының мардымсыз бөлігін қамтамасыз етуде», —деп атап өтті.



Тақырыптың өзектілігі. Ауыл шаруашылығы - материалдық өндірістің ең маңызды түрлерінің бірі. Ауыл шаруашылығы халықты азық-түлікпен және өнеркәсіпті шикізаттың кейбір түрлерімен қамтамасыз етумен айналысады. Ауыл шаруашылығы екі үлкен саладан, яғни өсімдік шаруашылығынан және мал шаруашылығынан тұрады. Облыста жылдан жылға Ауыл шаруашылығы құрылымдарының саны артып, сәйкесінше нақты өндіріс көлемі де артып отыр. Ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің көлемі 61,9 млрд. теңге немесе 2015 жылдың тиісті кезең деңгейіне 91,3% құрады.

Мақсаты. Батыс Қазақстан облысындағы ауыл шаруашылық жағдайының дамуын анықтап көрсету.

Жоғарыдағы мақсаттарға жету үшін келесідей **міндеттер** қойылады:

- ❖ Батыс Қазақстан облысындағы ауыл шаруашылық жағдайының хал-ахуалын зерттеу.
- ❖ Ауыл шаруашылық өнімдердің көрсеткіштерін талқылау.
- ❖ Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу кәсіпорындардың жағдайын зерделеу.
- ❖ БҚО-ғы аудандардың ауыл шаруашылық кәсіпорындарының жағдайын сипаттау.



Облыстың топырақтық-климаттық жағдайын ауыл шаруашылық жерлерін пайдалану ерекшелігін және шаруашылықтардың мамандану бағыттарын ескере отырып облыс территориясын үш табиғи - экономикалық зонаға бөлінеді. Бірінші зона далалық егін - мал шаруашылығы, екінші - құрғақ далалық мал - егін шаруашылығы, үшінші - жартылай шөлді мал шаруашылығы.

Облыстың аграрлық секторында ауыл шаруашылық кәсіпорындарын реформалау және алқаптарды оңтайландыруға байланысты, ауыл шаруашылық айналымынан өнімділігі төмен және сортаң жерлерді шығарудың нәтижесінде ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлер кеміген, ол негізінен ауыл шаруашылық жерлерін сумен қамтамасыз ету дәрежесіне байланысты.



Кесте 1 - Ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемі млрд. теңге

	2013	2014	2015	2015/2014 ж- %
Ауыл шаруашылығы, барлығы	100,7	102,9	101,6	100,8
өсімдік шаруашылығы өнімі	100,6	101,1	102,8	100
мал шаруашылығы өнімі	100,7	103,2	101,3	101,5

2015 жылы ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің көлемі облыс бойынша 8980,6 млн. теңгені құрады, оның ішінде 20,7 млн. теңге - өсімдік шаруашылығы өнімдері және 8957,4 млн. теңге - мал шаруашылығы өнімдері. Мал шаруашылығы жалпы өнімінің нақты көлем индексі 2015 жылғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда – 101,5% пайызды, өсімдік шаруашылығы – 100,0% пайызды құрады.

Кесте 2 - 2011-2015 жылдардағы астық өнімінің динамикасы
Мың, тонна


Көрсеткіштер	2012ж.	2013ж.	2014ж.	2015ж.
Дәнді және бұршақ дақылдары	146,4	76,3	347,3	392
Техникалық дақылдар	3,8	7,7	25,3	14,9

Майлы дақылдардың өндірісі өсіп, 17,1 тонна (өңдеуден кейінгі салмақпен) майлы тұқым немесе 2014 жылдан 3 есе көп жиналды. Майлы дақылдар өндірісі көлемінің өсуі майлы дақылдардың егістік алқабының 31,3 мың га дейін кеңеюінің, сонымен қатар украин селекциясының жоғарғы өнімді гибридті сорттарын пайдалану есебінен қамтамасыз етілді.

Дегенмен өсімдік шаруашылығының дамуын тежеп отырған бірнеше проблемалар бар: экстенсивті технологиялар қолдану, суармалы жерлердің тиімсіз пайдаланылуы ауыл шаруашылығы дақылдарының төмен өнімділігіне әкеледі. Өсімдіктерді қорғау химиялық құралдары мен минералдық тыңайтқыштарды аз қолдану егістің көп ластануына және жердің табиғи құнарлылығының төмендеуіне әкеліп соғады. 2014 жылы нақты салмақта 280 тонна минералдық тыңайтқыш енгізіліп, тыңайтылған жер көлемі 2,2 мың га құрады, бұл 2015 жылғы көрсеткіштен 1,3 есе артық. Алайда, бұл енгізілген минералдық тыңайтқыштар көлемі қажеттіліктің тек 1 пайызын ғана құрайды




Сурет 1. 2013-2015 жылдардағы картоп пен көкөніс-бақша дақылдарының жалпы өнімі, мың тонна



Мүйізді ірі қара мал, қой мен ешкі, жылқы, шошқа басы өсті. Ет, сүт, жұмыртқа және жүн өндірісінің өсуі жалғасты. Облыстық бюджеттің қолдауымен мал шаруашылығының асыл тұқымды негізі дамуда, былтырғы жылы 5 жаңа асыл тұқымды шаруашылық құрылды, ауылдық округтарда қолдан ұрықтандыру қосындары жұмыс жасайды





Сурет 2. 2013-2015 жылдардағы мал шаруашылығы өнімдері өндірісі

Негізгі ет өндіруші болып Жаңақала (ет өндірісі жалпы көлемінің 15,1%), Ақжайық (13,3%), Зеленов (12,5%) және Казталов (11,4%) аудандарының шаруашылықтары есептеледі. Сүт өнімінің қомақты көлемі Зеленов (сүт өндірісінің жалпы көлемінің 23%), Теректі (18,1%), Бөрлі (12,3%) және Тасқала (10%) аудандарының шаруашылықтарында өндірілген. Тауық жұмыртқасының өндірісі Орал қаласы маңындағы аумақтарда (облыс бойынша жалпы көлемнің 57,1%) және Зеленов (29,3%) ауданының шаруашылықтарында шоғырланған.



Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу кәсіпорындары тұрақты жұмыс жасауда. 2015 жылы 115 мың тонна ұн, 2,5 мың тонна жарма, 18 мың тонна макарон өнімдері өндірілді, бұл 2014 жылға қарағанда сәйкесінше, 17, 27 және 6 пайызға артық. Ет және ет өнімдері өндірісі 14,3%-ға, шұжық өнімдері 21,9%-ға өсті. Алайда, сүт өнімдері өндірісі, әзірге, облыс тұрғындарының қажеттіліктерін толығымен қамтамасыз ете алмай отыр. Биылғы жылы жаңа сүт-тауарлы фермалары мен сүт өнімдерін өңдейтін цехтар салу көзделуде. Өңделген сүт өнімдері негізінен солтүстік облыстардан және көршілес Ресей, Украина, Беларусь елдерінен тасымалданады.



2014 жылға еңбек өнімділігі екі есе артып, отандық тағам өнімдері азық-түлік тауарларының ішкі нарығында 80 пайыздан төмен болмауы және аграрлық саланың экспорттық әлеуеті де 4-тен 8 пайызға дейін өсуі тиіс. Салмағы 650 граммдық 1 сортты нан тұрғындарға 43 теңгеден сатылуда. Аудандарда тұрғындардың нанға деген сұранысын қалыптасқан баға бойынша қамтамасыз ететін наубайханалар желісі көбейді. Облыс орталығында және облыс аудандарында азық-түлік тауарларының қажетті қоры ұсталуда.





Ауыл шаруашылығы өндірісін техникамен қамтамасыз ету мақсатында машина-тракторлық паркті жаңаландыру жұмыстары жүргізілуде. 2015 жылы облыста ауыл шаруашылығы тауар өнірушілері «ҚазАгроҚаржы» АҚ және басқа да көздер арқылы 1,6 млрд. теңгеге 10 егу кешенін, 42 трактор, 37 комбайн, 90 дана басқа да ауыл шаруашылығы техникаларын сатып алды. Алайда, ауыл шаруашылығының техникалық жабдықталуының деңгейін көтеру маңызды болып калып отыр.

2015 жылы ауыл шаруашылығы өндірісінің дамуын субсидиялауға республикалық бюджеттен 1134 млн. теңге мақсатты трансферттер бөлінді, соның ішінде өсімдік шаруашылығына - 641,9 млн. теңге, мал шаруашылығына 165,6 млн. теңге. Облыстық бюджеттен тұқым шаруашылығы мен мал шаруашылығын қолдауға қосымша 199 млн. теңге бөлінетін болады

Сонымен қатар, өндіріс көлемін өсіру және ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеуге қойылған міндеттер АӨК салаларына белсенді капитал тарту және ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің несие ресурстарына қолжетімділігін кеңейтуді талап етеді.



● Экспорттың тұрақты өсу тенденциясы сақталуда. 2014 жылы жалпы сомасы 6,2 млрд. теңгеге ауыл шаруашылығы өнімдері мен азық-түлік тауарлары экспортталды. Экспорттың ең ірі позициясы болып астық пен оның өңделген өнімдері болып қалып отыр. 2014 жылы экспортқа 115,5 мың тонна астық және 32,8 мың тонна ұн тиелді, ол 2013 жылғыдан сәйкесінше 1,8 және 2,1 есеге артық. Дегенмен базардағы қант, өсімдік майы, қалбырдағы жеміс-көкөніс, құс еті және сүттің өңделген өнімдері сияқты өнімдердің импорттық үлесі жоғары күйінде қалып отыр. Осылайша, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жаңадан қайта өңдеу өндірісін құру және жұмыс жасап тұрғандарын жаңашаландыруға инвестиция тарту жолымен ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеуді дамыту жұмыстарын белсендендіру қажет.

- 
- Ағымдағы жылы облыс көлемінде жалпы жобалық құны 10,5 млрд. теңгенің 6 инвестициялық жобасын іске асыру мақсатында жұмыстар жүргізілуде.
 - Соның ішінде Ақжайық ауданында «Батыс Марка Ламб» ЖШС-і жобалық құны 2,4 млрд. теңге (қаржының 85% «КАФ» АҚ), қуаттылығы тәулігіне 1400 бас қойдың етін вакуумды орамада ірі кесекті және блокты түрде өндіретін етті қайта өңдеу кешенін құру жобасын іске асыруда.
 - Жаңақала ауданында «Айдархан» ЖШС жасақтаушы шаруашылық құру, жобалық құны 29,7 млн. теңге («КАФ» АҚ), 103 бас қазақтың ақ бас тұқымды ІҚМ сатып алу үшін жұмыстануда.
 - Сырым ауданында «Жібек жолы» ШҚ жобалық құны 44,5 млн. теңге («Агрокредиттік корпорациясы» АҚ және өз қаржысына) мал сою пункті инвестициялық жобасын жүзеге асырумен жұмыстануда. Мал сою пунктінің құрылыс жұмыстары толық аяқталды. Қазіргі уақытта мал сою жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар сойылған мал етін сақтау үшін сыйымдылығы 15 тонналық тоназытқыш алу жоспарланып отыр.
 - «Жібек жолы» ШҚ жасақтаушы шаруашылық құру, жобалық құны 200,0 млн. теңге («КАФ» АҚ), 310 бас асыл тұқымды ІҚМ сатып алуды жоспарлауда.
 - Тасқала ауданында «Арай» ШҚ жобалық құны 29,0 млн. теңгенің («КАФ» АҚ) мал бордақылау алаңының құрылысын жүргізуде.
 - Теректі ауданында «ОралАгроСервис» ШҚ» ЖШС жобалық құны 293 млн. теңгенің («КАФ» АҚ) заманауи типтік сыйымдылығы 3,2 мың тонна екінші көкөніс сақтау қоймасының жобасын іске асыруда.

Қорытынды

Ауыл шаруашылығы — материалдық өндірістің ең маңызды түрлерінің бірі. Ауыл шаруашылығы халықты азық-түлікпен және өнеркәсіпті шикізаттың кейбір түрлерімен қамтамасыз етумен айналысады. Ауыл шаруашылығы екі үлкен саладан, яғни өсімдік шаруашылығынан және мал шаруашылығынан тұрады.

Ел Президенті экономикалық саясаттың басым бағыттарымен қатар, аграрлық кешеннің де алдына жаңа міндеттер қойып, «Дағдарыс арқылы жаңару мен дамуға» Жолдауында дағдарыстан кейінгі дамуды қамтамасыз етудің бірінші бағыты – агроөнеркәсіп кешені мен ауылшаруашылығы өнімдерін өңдеуді дамыту екеніне, ел халқының материалды және әлеуметтік қамсыздандырылу негіздерінің бірі – тиімділігі жоғары агроөндірістік кешен екеніне баса назар аударды. Осыған орай ауылшаруашылығы өндірісінің тұрақты дамуына негіз болатын жобалардың жүзеге асырылатындығын атап өтті.

Бәсекеге қабілетті АӨК қалыптастыру және дамыту, оларды жаңғырту және сапа менеджментінің халықаралық жүйесіне сәйкес болуы үшін ауылшаруашылығы кәсіпорындары түрлері мен олардың шаруашылық жүргізу формалары және ұйымдастырушылық-құқықтық формалардың сан алуандығын ескере отырып АӨК тиімді басқарудың, өндіріс тиімділігін арттырудың жаңаша жолдары мен тәсілдерін қарастыру қажет.



Назарларыңызға рахмет!